

Аягөз ауданының Бидайық ауылдық округіне шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 04 мамырдағы N 253 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 28 мамырда N 5-6-162 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 қарашадағы N 621 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 26.11.2012 N 621 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасын және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Бидайық ауылдық округінде ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының шығуына байланысты Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аягөз ауданының Бидайық ауылдық округінде ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Аягөз аудандық аумақтық инспекциясының бастығына (Б. Мусафирбеков), аудандық санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бастығына (Д. Жұмақанов) жеке және заңды тұлғалармен міндетті ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Аягөз ауданы әкімінің орынбасары Е. Қуанышевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
Келісілді:

Ә. Мұхтарханов

Ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитетінің Аягөз аудандық аумақтық
инспекциясының бастығы Б. Мусафирбеков
4 мамыр 2012 жыл

Аягөз аудандық санитарлық
эпидемиологиялық қадағалау
басқармасының бастығы Д. Жұмақанов
4 мамыр 2012 жыл